www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№03 /sársenbi/ 21 qańtar 2026 jyl

**АНОНС!**

**ҰШҚЫШСЫЗ АВИАЦИЯНЫ ДАМЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ**

2-бетте

# ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ



**Қызылордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың V отырысы өтті. Тарихи маңызды жиында Президент көп мәселелерге тоқталып, еліміздің өсіп-өркендеуіне бағытталған нақты тапсырмаларды жүктеді. Төменде Президент сөздерінен үзінділер ұсынып отырмыз:**

Ұлттық құрылтай жиыны осымен бесінші рет шақырылып отыр. Бұл Форумның алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өтті. Екінші жиын түбі бір түркі жұртының қара шаңырағы – Түркістанда болды. Үшінші отырыс бірегей Атырау аймағында ұйымдастырылды. Ал былтыр тарихы бай Көкшетау төрінде жиналдық.

Енді міне, қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар.

***

Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым.

Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды.

Қазір Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады.

Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет».

***

Бұған дейін Ұлттық құрылтайда еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту туралы бастамалар көтерілді. Соған сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр.

Мысалы 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасын ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгіздік.

Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маңғыстаудың жерасты мешіттерін» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады.

Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды.

Төл тарихымызды зерделеу, өнерімізбен мәдениетімізді өркендету үшін әлі көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді».

***

«Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр.

Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл – дұрыс емес.

***

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі.

Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады.

Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын.

***

Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жолында біраз жетістікке жеттік.

Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Мен осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен Құрылтай отырысында айттым. Көп сериялы фильмнің тұсаукесері беделді халықаралық платформаларда өтеді.

Бұл туынды Алтын Орда брендін жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Бірақ, осындай тарихи тақырыпқа келгенде тартымды көрнекі, яғни визуалды бейне жасаудан бөлек, алдымен оның ішкі мазмұны, мән-мағынасы терең болуын ойластыру қажет.

Сондықтан менің тапсырмаммен мамыр айында Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Іс-шараға әлемнің беделді ғалымдары шақырылады.

***

Шымкентте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктірді.

Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түсті.

Күдіктінің Нұрайды аңдып, маза бермей, қоқан-лоқы көрсеткені анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды.

Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексереді.

***

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» – Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда – Ақтөбе арасындағы бөлігі – тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім.

Биыл осы бағытта төрт жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады. Қазіргі жолдың көбі облыстардың ішкі жолы болып қала береді.

Сондай-ақ мен былтырғы Жолдауымда «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысын тездетуді тапсырғанымды білесіздер. Ондағы жұмыстар да биыл басталмақ. Жоба жүзеге асқан соң «Орта дәліздің» қашықтығы 900 шақырымға қысқарады, яғни, Ақтау, Құрық порттарына тура жол ашылады.

Қарағанды – Жезқазған бағытындағы жол талай жылдан бері тозып тұр. Биыл ескі жолдың қапталына екі жолақты жаңа жол салуға кірісеміз Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолақ ету жоспарлануда.

Бұдан бөлек, Сарыағаш маңындағы көлік қозғалысы да өте тығыз. Сондықтан, осы жылы «Сарыағаш айналма жолының» құрылысы қолға алынады.

Барлық жұмыстың сапалы әрі уақытылы орындалуын тікелей бақылауда ұстайтын боламын. Себебі, бұл жобалар Қазақстанның халықаралық көлік-логистика орталығы ретіндегі әлеуетін мейлінше нығайта түседі».

***

Еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Алдағы парламенттік реформа осы өзгерістердің өзегі болатыны анық.

Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл аса маңызды мәселе қоғамда кеңінен талқыланды.

Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам.

Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін.

Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын.

Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым.

Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын.

Ал, депутаттар санына келсек, бұл мәселе де қызу пікірталас туғызды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды.

Әлемдегі озық тәжірибелерге қарасақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан мәселе – санда емес, сапада!

Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар – білікті мамандар отыруға тиіс!

Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байламға келді.

Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал, комитет саны 8-ден аспауы керек.

***

Екінші ұсыныстар жиынтығы бірқатар негізгі мемлекеттік органдардың құрамын анықтаудағы Парламенттің өкілеттіктеріне қатысты.

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес, сіз білетіндей, Конституциялық Сотты, Жоғарғы Есеп палатасын және Орталық сайлау комиссиясын құру өкілеттіктері Мәжіліс, Сенат және Президент арасында тең бөлінген.

Дегенмен, енді осы маңызды мемлекеттік органдардың барлық мүшелерін тағайындау тек Парламенттің келісімімен жүзеге асырылуы ұсынылады.

Сондай-ақ, елдің ең жоғары өкілді органының депутаттарына Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы Соттың барлық судьяларын сайлауға өкілеттік беру ұсынылады.

Бұл Қазақстан парламентаризмін дамытудағы және билік тармақтары арасындағы тежеулер мен тепе-теңдік жүйесін нығайтудағы маңызды қадам».

***

Ұсыныстардың үшінші бөлігі жаңа Парламентті жасақтау тәртібі туралы болды.

Депутаттар енді пропорционалды жүйе қағидатымен сайланады. Мұндай тәсіл саяси партиялардың институционалдық рөлін күшейтеді. Сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Кейбір партиялар Парламентпен қатар барлық деңгейдегі мәслихаттарды пропорционалды жүйемен жасақтауды ұсынғанын білемін.

Бірақ аймақтарда мажоритарлық жүйені сақтап қалу керек деп ойлаймын. Еліміздің өңірлерінде жергілікті азаматтардың дауыстары, пікірлері жақсы естілуі қажет. Бұл – мен үшін айқын ұстаным.

Талқылау кезінде маған Парламенттегі Президент квотасын қалдыру керек деген ұсыныс айтылды. Бірақ мен жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына, қадағалауына мұқтаж емес екеніне сенімдімін.

Депутаттардың ішінде арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» болмауы керек. Олар бәріне бірдей, ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес Қазақстан халқы ассамблеясының арнайы квотасы да алынып тасталады».

«Осы ұстаныммен жастарға, әйелдер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квотаны қоса алып тастауды ұсынғандар болды. Бірақ, бұл – мүлде басқа мәселе.

***

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болды.

Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр.

Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды.

Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз.

**Жалғасы 2-ші бетте**

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы.

Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ.

Түптеп келгенде, біз бір қоғам болып қолға алған Парламенттік реформа еліміздің әлеуетін арттыратын болады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынын күшейтіп, сапасын жақсарта түседі.

Мен Мемлекет басшысы ретінде буған кәміл сенемін».

***

Кәсіби заңгерлер Ата заңның мәтініне қатысты пікірлерін білдірді.

Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс бар.

# ЕЛІМІЗДІҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ

Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат төрағасына беріледі.

Сенат төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді.

Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін.

Сондықтан, Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет.

Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс!.

Сонымен қатар Конституциямыздың мәтінінде жекелеген қателер бары анықталды. Кезінде терминологиялық, стильдік кемшіліктерге жол берілген. Конституциялық реформа аясында осы олқылықты да түзеуіміз керек.

Тағы бір маңызды мәселе, біз Ата заңның преамбуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазуымыз керек.

Онда қазақ жеріндегі өркениет пен мемлекеттіліктің тарихы терең екені нақты көрініс табуға тиіс. Сол арқылы біз Қазақстанның Ұлы даладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек.

Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз

***

Ұлттық құрылтай ел тарихында қалады.

Біз аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыс атқардық. Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның іргесін бірге қаладық.

Сіздер еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани болмысын өзгерту жолында зор еңбек еттіңіздер. Мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қостыңыздар. Алдағы уақытта да біз бірге ел игілігіне қызмет ете береміз деп сенемін.

Бізді әлі де көп жұмыс күтіп тұр. Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалар енді басталды. Сондықтан қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмейілсіп отыруға қақымыз жоқ, уақытымыз да жоқ.

Бірлігімізді бекемдеп, білек сыбанып, іске кірісуіміз керек.

Келесі Парламентіміз халқымыздың ұлттық санасында өзіндік орны бар ұғым, атына заты сай Құрылтай сөзімен аталса, мұны жақсы ырымға балауға болады деп сенемін.

**Ақорда.**

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНА 100 МЛРД ТЕҢГЕ

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев министрліктердің, облыс әкімдіктерінің және «Amanat» партиясының қатысуымен өңірлік даму жөніндегі жоба кеңсесінің отырысын өткізді. Отырыста «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы, сондай-ақ былтыр қараша айында өткен ауыл әкімдерінің диалог-платформасының қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалу барысы жөнінде есеп тыңдалды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

2025 жылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы жаңа қағидаттар негізінде жүзеге асырылып келде. Қаржыландыру өңірлердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып, артық бюрократиялық рәсімдерсіз бөлінуде. Кооперацияны дамыту мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге баса назар аударылған.

2025 жылы жобаға облыс әкімдіктеріне 50 млрд теңге бөлінді. 2026 жылы республикалық бюджетте жобаны жалғастыруға 100 млрд теңге қарастырылған, оның шамамен 60 млрд теңгесі 600-ге жуық кооперативті қолдауға бағытталмақ.

Отырыста Ақмола облысының Ерейментау ауданында ет кластерін құру жобасын іске қосу перспективаларына ерекше көңіл бөлінді. Жоба өңір үшін маңызды мәнге ие. Осыған байланысты Қанат Бозымбаев мемлекеттік қолдау бағдарламаларын ескере отырып, жобаның экономикалық және ұйымдастырушылық параметрлерін қосымша пысықтауды тапсырды.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министрдің орынбасары Ұлттық экономика министрлігіне әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін қайта пішімдеу жөнінде ұсыныстар дайындауды, сондай-ақ «Ауыл кәсіпкерлігі инфрақұрылымы» бағытын өңірлік стандарттар жүйесіне енгізуді тапсырды.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, «Ауыл аманаты» жобасы аясында кепілдік беру тетіктерін әзірлеу және тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу міндеттелді.

Облыс әкімдіктеріне екі апта мерзімде «Amanat Nesie» ақпараттық жүйесіне барлық өңірлердің толық қосылуын қамтамасыз етіп, ауыл тұрғындарына «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша жеңілдікті несиелер беруді ұйымдастыру тапсырылды.





## ҰШҚЫШСЫЗ АВИАЦИЯНЫ ДАМЫТУ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ашылды. Аталған орталық ҚазҰУ мен «Aerial Solutions» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық аясында іске қосылды.

Жаңа ғылыми-инновациялық орталықта отандық ұшқышсыз ұшу аппараттарының (ҰҰА) модельдерін әзірлеу, оқу-өндірістік зертханалар мен сынақ полигонын құру, сондай-ақ дуалды білім беру және сертификаттау бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, студенттер мен оқытушылардың қатысуымен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізіліп, ұшқышсыз ұшу аппараттары дайындалады. Сонымен қатар орталық аясында дрондар мен сервистерді ішкі және халықаралық нарыққа шығару, инновациялық стартаптарды қолдау және коммерцияландыру көзделген. Жобаның іске асырылуы елдің цифрлық инфрақұрылымын нығайтып, Қазақстанның азаматтық ұшқышсыз авиация саласындағы мемлекеттік стратегиясын жүзеге асыруға елеулі серпін береді.

Ашылу салтанатына ҚазҰУ Басқарма төрағасы - ректор Жансейіт Түймебаев, «Aerial Solutions» ЖШС Авиациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова, ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұшқышсыз ұшу жүйелерін дамыту және қолдану департаментінің басшысы Иса Теймуразұлы, Қорғаныс министрлігі Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштері қолбасшылығының бас орталығының бастығы Сәкен Рүстемов, Ұлттық қауіпсіздік академиясының кафедра меңгерушісі Артур Имашев, Қазақстан авиация әкімшілігінің Лицензиялау департаментінің директоры Әділжан Сұлтанов, белгілі ғалымдар, оқытушы-профессорлық құрам қатысты.

Жиынды ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, орталықтың іске қосылуы Қазақстанның технологиялық дамуы үшін ерекше маңызы бар тарихи оқиға екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысында «Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз бен егемендігіміз осы технологияны қалай пайдаланатынымызға тікелей байланысты. Әр маман цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жұмыс барысында тиімді қолдана білуі қажет» деп атап өткен болатын. Орталық ауқымды ғылыми жобаларды іске асыруға, заманауи дрондарды жасап, құрастыруға, білікті мамандарды даярлауға және студенттердің тағылымдамадан өтуіне кең мүмкіндік береді. Мұнда жасалған дрондар экономиканың түрлі саласында тиімді қолданылатын болады», – деді ректор.

Өз кезегінде «Aerial Solutions» ЖШС Авиациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова:

«ҚазҰУ базасында ашылған Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ғылымды, білім беруді және заманауи ұшқышсыз технологияларды біріктіріп, халықаралық стандарттарға сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Күшті академиялық база арқасында университет сапалы практикалық оқытуды қамтамасыз етіп, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және цифрлық мониторинг салаларының дамуына үлес қосады. Бұл бастама жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, отандық авиациялық жобаларды әлемдік деңгейге шығаруға маңызды үлес қосады», – деп жаңа орталықтың маңыздылығына тоқталды.

Қорғаныс министрлігінің Әуе қорғаныс күштері бас басқармасының жетекшісі Сәкен Рүстемов жаңа орталықтың алдағы жұмысына табыс тіледі.

«Біз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы мен Қорғаныс министрлігі және Қарулы Күштердің жемісті ынтымақтастығына үміттенеміз. Бұл әуа қозғалысы саласының дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді. Жобаларыңыздың өркендеуі мен барлық жоспарларыңыздың сәтті жүзеге асуын тілеймін», – деді құрметті қонақ.

## ТЕЛЕАРНАЛАР XXV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫН ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ КӨРСЕТЕДІ

6-22 ақпан аралығында Италияның Милан және Кортина-д-Ампеццо қалаларында XXV қысқы Олимпиада ойындары өтеді.

Төртжылдықтың басты додасы «Qazaqstan», «Qazsport», «Хабар» және «Jibek Joly» республикалық арналарынан тікелей эфирде көрсетіледі.

Ақ ойындарда 8 спорт түрінен 116 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Бүгінде Қазақстан үш спорт түрі – шорт-трек, конькимен жүгіру және мәнерлеп сырғанаудан олимпиадалық квоталардың иегері атанды.

Қысқы Олимпиадалар тарихында тұңғыш рет жарыстарды ресми түрде қос қала қабылдайды. Италия төрінде 100-ге жуық елдің 3000 спортшысы өнер көрсетеді деп жоспарланып отыр.

Олимпиада кезінде түсірілім топтары дүбірлі додадан эксклюзивті хабар таратады. Сонымен қатар «Qazaqstan» мен «Qazsport» арналарынан күн сайын «Олимпиада күнделігі», «Qazsport» телеарнасынан тікелей эфирде «Милан – Кортина 2026» студиялық бағдарламасы көрерменге жол тартады.

**Бетті дайындаған: Әйгерім ӘМІР.**

## СТУДЕНТТЕР «COURSERA» ПЛАТФОРМАСЫНДА НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КУРСТАРДАН ӨТІП ЖАТЫР

Еліміздің ЖОО студенттері арасында есірткіге қарсы профилактикалық шаралар жүргізілуде. Яғни, бұл жастардың нашақорлыққа ұрынбауы үшін жасалып отыр. Ең басты шара – ЖОО-да жүргізіліп жатқан «Толық адам» идеологиясы. Оның ішінде «ыстық қайрат» қасиеттерін қалыптастыруға баса назар аударылып отыр. Ішкі күші, ішкі рухы биік студент ешқашан теріс қылықтарға бармайды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан ОКҚ алаңында өткен дөңгелек үстел барысында осылай деп мәлімдеді.

«Профилактикалық шаралар арасында 95 ЖОО-дан 59 мың студенттің оқу процесінде «Coursera» платформасында нашақорлыққа... наркоманияға қарсы курстар қарастырылған. Оның ішінде наркоманияға қарсы саясат, наркоманиядағы тәуелділіктерді емдеу бағыттарында арнайы курстар өткізілуде. Бұл жерде теориядан гөрі, практиканың берері зор. Себебі, ЖОО-да білім алып жатқан жастар кәмелетке толған азаматтар болғандықтан құқық қорғау органдарымен жұмысты тікелей жүргіземіз. Соңғы 2 жылда ЖОО-да 800-ден астам іс-шара тікелей құқық қорғау органдарының қатысуымен жүргізілді», – деді спикер.

Сондай-ақ, студенттердің сотталған адамдармен кездесулері ұйымдастырылады.

Ведомство халықаралық тәжірибе алмасу тетіктерін де қолға алып отыр. Еуропа одағының CADAP арнайы жобасы шеңберінде ЖОО-ның психолог мамандары да нашақорлыққа қарсы бағдарламаға қатысты. Бүгінде 9 психолог тиісті сертификат алды. Қазір бұл жобаны барлық ЖОО-на имплементация жасау жұмыстары жалғасып жатыр.



## АБАЙ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕБІ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ

Мемлекет және қоғам дамуында айшықты рөлі бар Абай ұлттық мектебі дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Білімнің қасиетті қарашаңырағы Алматы қаласындағы әсем, заманауи жаңа ғимаратқа көшірілді. Бұл - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жүйелі әрі нәтижелі саясатының, «Әділетті Қазақстан», «Заң және тәртіп» қағидаттарының нақты іске асып жатқанының айқын дәлелі. Жаңа мектеп ғимараты инфрақұрылымдық жаңарумен бірге, болашақ ұрпаққа жасалған инвестиция, сапалы білім мен тең мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды қадам.

Жаңа ғимараттың жобалық қуаты 900 оқушыға арналған. Абай ұлттық мектебіне оқушылар 7-сыныптан бастап оқуға қабылданады. Бүгінде жаңа ғимараттың жанында оқушыларға арналған жатақхана салынып жатыр. Бұл жағдай алыс ауылдардан келген талапкерлерге білім алуға қолайлы жағдай жасайды. Сондай-ақ, мектепте ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына, мектеп тарихына арналған Абай мұражайы құрылуда. Мұражай - Абайдың рухани мұрасын зерттеуге, оны насихаттауға және жас ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

«Бұл құрылыс - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елдік мүддеге бағытталған, жүйелі және тиімді саясатының айқын көрінісі. Мемлекет басшысының білім беру саласына деген қамқорлығының арқасында біз бүгін ұлттық мектебіміздің жаңа белесіне куә болып отырмыз. Мектептің педагогикалық ұжымы озық тәжірибелерді жинақтауда, таратуда, білім беру сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады», - деді ұжыммен кездескен сала министрі Жұлдыз Сүлейменова.

## «ДӘНЕКЕРЛЕУ ІСІ» МАМАНДЫҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР БОЙЫНША АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТТІ



Шахтинск технологиялық колледжі «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша Қазақстандық дәнекерлеу қауымдастығы KazWeld өткізген салалық аккредитациядан сәтті өтті. Бұл аккредитация Халықаралық дәнекерлеу институтының International Institute of Welding (IIW) стандарттарына сәйкес жүргізілді. Осылайша колледж аталған бағыт бойынша халықаралық талаптарға сай екені ресми түрде расталған Қазақстандағы алғашқы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қатарына кірді.

Аккредитациялау барысында KazWeld сарапшылары оқу орнының білім беру бағдарламаларын, материалдық-техникалық базасын, кадрлық әлеуетін және білім алушылардың даярлық деңгейін кешенді түрде бағалады. Сараптама нәтижесі бойынша колледждің халықаралық салалық стандарттарға толық сәйкес келетіні анықталды.

Аккредитация қорытындысы педагогтер мен студенттердің кәсіби дайындығының жоғары деңгейін көрсетті. Өндірістік оқыту шебері халықаралық деңгейдегі практик-маман дипломын алды, ал оқытушыға халықаралық дәнекерлеу маманы мәртебесі берілді. Сонымен қатар 2,3 курс студенттері арасынан 10 білім алушы халықаралық практикалық аттестациядан сәтті өтіп, өз біліктіктерінің еңбек нарығында сұранысқа ие екенін дәлелдеді.

Халықаралық салалық аккредитация оқу орны үшін білім сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады. Ол студенттерге IIW стандарттарына негізделген практикалық бағыттағы даярлықтан өтуге мүмкіндік беріп, түлектердің отандық және шетелдік өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмысқа орналасу мүмкіндігін кеңейтеді.

## ЕЛІМІЗДЕ КӨЛІК ҒЫЛЫМДАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

9 қаңтарда Алматы қаласында М.Тынышпаев атындағы ALT Университетінде ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы жанынан Қазақстандағы алғашқы Көлік ғылымдары мен технологиялары институтын (ITST) құру туралы Меморандумға салтанатты түрде қол қою рәсімі өтті.

Институт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлік, логистика және транзит салаларын дамытуға қатысты стратегиялық тапсырмаларын іске асыру аясында құрылып отыр. Президент өз Жолдауларында көлік-логистикалық секторды дамыту Қазақстанның халықаралық экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және ұзақ мерзімді орнықты өсудің негізгі факторларының бірі екенін бірнеше рет атап өткен.

Көлік ғылымдары мен технологиялары институты көлік саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын мамандандырылған ғылыми орталық ретінде жұмыс істейтін болады.

Институт қызметінің негізгі бағыттарына көлік жүйесін дамытуға арналған ғылыми-техникалық негіздемелерді әзірлеу, транзит пен логистиканың тиімділігін арттыру, көлік инфрақұрылымының беріктігі мен ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ету, инновациялық материалдар мен технологияларды енгізу, сондай-ақ көлік нысандарын әртүрлі жол-климаттық жағдайларға бейімдеу кіреді.

Салтанатты рәсім барысында ALT Университеті М.Тынышпаев атындағы Басқарма төрағасы - ректоры Меруерт Жармағамбетова меморандумға қол қоюды отандық көлік ғылымын дамытудағы маңызды кезең әрі жалпыұлттық маңызы бар оқиға ретінде бағалады. Ректордың айтуынша, ALT Университеті үшін осы стратегиялық жобаны жүзеге асыру базалық алаңына айналу – үлкен құрмет және академиялық қауымдастық тарапынан көрсетілген жоғары сенімнің белгісі.

«Жаңа институт жай ғана ғылыми құрылым емес, ғылым мен практика тығыз байланыста болатын, зерттеу нәтижелері Қазақстанның көлік жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған толыққанды инновациялық экожүйеге айналады», – деп атап өтті Меруерт Жармағамбетова.

Сондай-ақ іс-шарада ҚР Президенті жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Ақылбек Күрішбаев Мемлекет басшысы айқындаған міндеттердің ғылыми тұрғыда қамтамасыз етілуінің маңыздылығына тоқталды.

«Мемлекет басшысы көлік пен логистиканы елдің стратегиялық басымдығы ретінде айқындады. Осы міндеттерді табысты іске асыру үшін саланы заманауи ғылыммен қамтамасыз ету қажет. Көлік ғылымдары мен технологиялары институты дәл осы мақсатқа қызмет етеді», – деді Ақылбек Күрішбаев.

Іс-шарада сондай-ақ Қазақстанның Еңбек Ері және Құрметті теміржолшы Қ.С.Сәмбетов пен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Б.С.Мұртазин сөз сөйледі. Қатысушылар университеттің ғылыми-зерттеу нысандарымен танысып, қолданбалы көлік ғылымын дамыту перспективаларын талқылады.

Қазақстандағы алғашқы Көлік ғылымдары мен технологиялары институтының құрылуы көлік саласының ғылыми негізін қалау, елдің транзиттік және логистикалық әлеуетін нығайту, ғылымды нақты экономикамен біріктіру жолындағы маңызды қадам болды.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ СПОРТТЫҚ КОУЧИНГКЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕНДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жасанды интеллект пен компьютерлік көру технологиясына негізделген жеке жаттығуға арналған интеллектуалды спорттық коучинг бағдарламасы әзірленіп жатыр. Жоба «Iron-BARS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тапсырысы бойынша жүзеге асырылып жатыр.

Бағдарлама спортшылар мен әуесқой пайдаланушылардың қозғалыс техникасын автоматты түрде талдап, жеке физикалық көрсеткіштеріне сәйкес жаттығу түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект алгоритмдері арқылы қозғалыстағы қателіктер анықталып, жаттығу процесінің тиімділігі артады.

Жобаның ғылыми жетекшісі – информатика және ақпараттық технологиялар кафедрасының доценті, PhD Әділжан Кереев. Оның айтуынша, бұл жоба – ғылым мен практиканың тоғысқан нақты нәтижесі.

«Жасанды интеллект негізіндегі бұл бағдарлама спорттағы жеке дайындықты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – студенттер нақты өндірістік тапсырмаларды шешу арқылы заманауи технологияларды тәжірибеде меңгеріп жатыр», – дейді жоба жетекшісі.

Жобаны іске асыруға «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасының студенттері Ерлан Аймұқанов мен Кирилл Пилипенко қатысып жатыр.

Орындаушы Ерлан Аймұқановтың айтуынша, бағдарлама компьютерлік көру технологиясы арқылы адамның қозғалысын нақты уақыт режимінде тануға негізделген.

«Бұл жоба бізге машиналық оқыту мен деректерді талдау әдістерін практикада қолдануға мүмкіндік берді. Жасанды интеллект жаттығу сапасын арттыруға нақты үлес қоса алады», – дейді ол.

Ал Кирилл Пилипенко бағдарламаның қолдану аясын кең екенін атап өтті:

«Жүйе кәсіби спортшыларға да, спортпен әуесқой түрде айналысатын адамдарға да бейімделе алады. Бағдарлама пайдаланушының деңгейіне қарай жеке жаттығулар жиынын ұсынады», – дейді студент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде жасанды интеллектіні ғылым мен инновацияны дамытудың негізгі тетігі ретінде атап өткен болатын. Президенттің айтуынша, жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен кадр даярлау – ел дамуының стратегиялық бағыты.

Осы тұрғыдан алғанда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жүзеге асырылып жатқан бұл жоба – Қазақстандағы қолданбалы жасанды интеллект зерттеулерін дамытуға және жас ғалымдар мен студенттердің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

**Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.**

*Туған жердің түлегі*

# ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТКІЗЕР жол

*Ардагерлер көшбасшыларының бірі, ұлағатты ұстаз Аманбек Ахметбаев туралы бірер сөз*

«Адам бұл өмірге – қонақ!» деп отырушы еді бұрынғылар. Не деген данышпандық десеңізші! Жас кезімізде бұл сөздің мәніне терең бойлай бермейді екенбіз-ау. Ата-бабамыз бір ауыз сөзімен уақыттың бір орында тұрмайтынын, желдей жүйткіп бара жатқанын, сол бір қонақта жүргендей қысқа мерзімде адамның сынға түсетінін сездірген екен-ау. Ойланған жанға бұл сынның артар жүгі жеңіл емес екен. Мына кең дүниедегі орның қандай, салмағың бар ма, не тындырдың, не ұқтың, ойға алған арман-мақсатыңа қол жеткіздің бе, адам деген ардақты атыңды жоғары ұстап жүре алдың ба? Айта берсең, көңілді мазалаған сауалдар таусылмайды-ақ. Дәл бір Жаратқан иеміздің көкірегінде саңылауы бар жандарға «сұрақ-жауапты» ана дүниеге қалдырмай-ақ, осы дүниеде қоятыны сияқты екен-ау.

***Басты ұстаным***

Жетпіс жастың желкенін керуге бір-ақ қадам қалған Әбекеңді кейде ойлантып қоятын осындай сауалдар еді. Бұл бір кім-кімге де Ар алдындағы тазару десе де болатындай. Кезінде елмен бірдей қиыншылықты да көрді, жоқшылықты да, таршылықты да бастан кешті, байлықтың да, биліктің де дәмін татты. Бірақ ешуақытта барға таспайтын, жоққа саспайтын, бірқалыпты имани болмысынан, кішіпейіл, ақжарқын, адал мінезінен жаңылған жоқ. Соның нәтижесінде қайда жүрсе де құрметті болды, өзіне тілектес талай дос та арттырды,

Құдайға шүкір, Аманбектің бірге туған бауырлардан да кемдігі болған жоқ. Қан майданның бел ортасынан аман-есен оралып, «Ворошилов атқышы» атанған соғыс ардагері Молдабек ата мен Тұйғын ананың отбасында дүниеге келген он үш перзенттің бірі болды. Оқыды, тоқыды. Бала кезінен сурет салуға құмар еді. Сол құмарлық оны алға жетелеп, орта мектепті бітірген бойдан Шымкент педагогикалық институтына алып келді. Оның көркемсурет және графика факультетіне оқуға түсті. Аманбектің жастайынан бойға біткен тағы бір қасиеті еңбекқорлық болатын. Институтта оқып жүрген кезінде отбасына салмақ салмас үшін қосымша жұмыс істеп, табыс тапты. Яғни, қаладағы Қарсыбай Сыпатаев атындағы мектеп-лицейінде, №42 Хамза жалпы орта мектебінде және музыкалық училищеде «көркемдеу» жұмыстарымен айналысты. 1979 жылы институтты бітіргеннен кейін №58 мектепте мұғалімдік қызметімен қоса «клуб меңгерушісі» және «зообакта» суретші қызметін де атқарып жүрді.

Қай кезде де, қайда жүрсе де Аманбектің ойынан ұлы Абайдың өсиеті шыққан жоқ. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз», - деп толғамай ма қайран баба! Бұл өсиет Әбекеңнің өмірдегі басты ұстанымы болды. Соның нәтижесінде алғашқы еңбек жолын бастаған №58 жалпы орта мектептегі мұғалімдік қызметі табысты болып, абыройға бөленді. 1989 жылы оны Крупская атындағы Шымкент педагогика институты қызметке шақырып, көркемдеу және графика факультетіне оқытушы етіп қабылдады.



Осы жылдары ол қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты, 1990-1992 жылдары Шымкент қаласы «Қатынкөпір» селолық кеңесінің депутаты болып, көпшіліктің талап-тілектерінің орындалуына көмектесті. Бұдан соң екі жыл бойы институт ректорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етті. Көп ұзамай Әбекеңді әкімшілік қызметке шақырды. 1994-2004 жылдары Бозарық ауыл округі әкімінің орынбасары, бұдан соң Бозарық ауылының әкімі, 2005-2007 жылдары Шымкент қаласы Абай ауданы әкімінің орынбасары болып істеді. Осы мерзімде бұл қызметтің жөн-жобасын, жай-жапсарын тереңірек білу үшін өзіне тән ізденгіштікпен Алматы экономикалық университетінде сырттай оқып, «Қаржы және несие» мамандығын алып шықты. Ол жергілікті биліктің ешуақытта қарапайым халықтан жоғары тұрмауын, қайта оған қызмет етуі үшін бар күш-жігерін жұмсады.

ҚР Білім беру ісінің үздігі, жазушы, "Ерен еңбегі үшін" медалінің иегері Бегәлі Әбдуәліұлы былай дейді:

-Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары елде жекешелендіру үрдістері қызу жүріп, мемлекеттік нысандар шетінен сатылып, ауылдың сәні кетіп-ақ қалған кезі еді. Барлық аймақта жұмыссыздық белең алып, жұрт ағылып қалаға көшіп жатты. Осындай аласапыран кезде біздің де қалаға көшуі -

## Дос көңілі

*Өмір дегеніңіз айна тәрізді. Сіз адамдарға жарқын жүзбен күліп қарасаңыз, айнадағы бейнеңіз сияқты олар да жайдары кейіп танытып үйіріле түседі. Ал түнжырай қарап, томаға тұйық кейіп танытсаңыз, жаныңызға жолай қоюы екіталай. Әбекеңнің бір ерекшелігі – үлкенге құрметінен, кішіге ізетінен жаңылмаған жайдары мінез қазақы болмысында ма деймін. Былтыр қаламыздағы танымал педагог, ұлағатты ұстаз, профессор Бегман Ысқақтың 85 жасқа толуын лайықты атап өту үшін өзі тәрізді өзге де шәкірттеріне ұйтқы болып, мерзімдік басылым беттеріне шығарып, Пушкин кітапханасында кездесу ұйымдастырып, қалай жүгіргенін жақсы білемін. Міне, содан кейін де Әбекеңнің сыйлас достары көп. Олардың Әбекеңе деген пейілі де кең, ыстық лебіздері де асып-төгіліп жатыр... Біз журнал көлемі көтермейтіндіктен сол жазбаларды түгел бермесек те, бір-екі ауыз сөздерін келтіре кеткенді жөн көрдік.*

**Бақтияр Тайжан,**
*есімі елге танымал журналист:*

«Біздің Әбекеңде дос та, туысқан да, жекжат-жұрат та көп. Ол шекара Шымкентпен шектелмейді. Қазақстанның барлық аймақтарында бар. Яғни, өмірі ұзақ. Соған тілекшіміз. Ардақты, Әбеке! Жеңешем екеуіңіз алтындай ұл-қыз өсірдіңіздер. Немерелердің бал иісіне масайрап жүре беріңіздер. Алаштың айтулы азаматысыз. Қазақстан деген мықты мемлекетіміз бар. Соның мықты болмағына, өзге мықты мемлекеттермен терезесі тең болып, әлеуетінің артуына қызмет ете беріңіз. Бәрі баянды болсын!»

**Ақерке Абылайхан,**
*ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Комитет төрағасының орынбасары, химия ғылымдарының докторы:*

«Аманбек Молдабекұлы – жан дүниесі таза азамат. Өзі жұмыс істеген мектептерде үнемі жас ұрпақтың бойына рухани адамгершілік құндылықтарды сіңіруге бағытталған өнегелі іс-шаралар ұйымдастырып отырды. Қызмет пен адами қарым-қатынас арасындағы шекараны дұрыс түсініп, өз кәсібіне жоғары жауапкершілікпен қарайтын. Ол өз ғұмырын халыққа қызмет көрсетуге арнап, білім саласына да өз үлесін қосып, абыройлы өмір кешіп келеді».

**Қ. Жұмағұл,**
*Шымкент қаласының Полиция департаменті, Қаратау аудандық Полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі:*

«Қаратау аудандық полиция басқармасы басшылығы мен жеке құрамы Сізді туған күніңізбен құттықтайды. Сізді білікті басшы, ел сыйлайтын азамат, ел ағасы, қоғам өмірінің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан көрнекті тұлға ретінде жоғары бағалайды...»

**Болат Қырықбаев,**
*облыстық спорт, дене шынықтыру басқармасын үш мәрте басқарған Құрмет орденінің иегері, зейнеткер:*

«Сіз әрқашан еңбекқорлығыңызбен, парасаттылығыңызбен, адамгершілік қасиеттеріңізбен үлгі бола білдіңіз. Зейнеткерлік жасы – демалыс емес, өмірдің жаңа, жарқын кезеңі. Алда әлі де елге, ұрпаққа береріңіз көп».

**Ербол Қалшабек,**
*Қаратау ауданының бас имамы:*

«Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан ел ағалары бар. Осындай азаматтардың бірі - Аманбек Молдабекұлы ағамыз! Ол – шығыс мәдениетінің бар кереметін бойына сақтаған қазыналы оңтүстік өңірінің перзенті».

**Құрал Көмек,**
*ақын:*

Алашыма ардақты Аман досым,
Заңғар басы Алатау замандасым.
Қап тауындай қасқайып дара туған
Құтты болсын алпыс тоғыз жаңа жасың!

Түзде жортқан бүкілдеп арландайын,
Дүр баласы қырдағы тарландайын.
Биік біткен теректей тербеле бер
Мұзбалақтай аспанда самға лайым.

Сапырайын жырымды Бұхардайын,
Музасына салып ап Мұқандайын.
Алла қолдап, жебесін әруақтар
Сен осылай ешқашан мұқалмағын.

Қабыл болсын сұраған баталарың,
Жасын жаса бергенше жасағанның
Өркендесін өрісте ботақаның,
Өлеңімді бір тай деп қабылдағын
Туған күнге сол болсын атағаным!

**Ғани Қарабеков,**
*«Ауыл» партиясы Шымкент қаласы бойынша өңірлік филиалының төрағасы:*

«Зейнеткерлікке шыққандығына қарамастан ағамыз бүгінгі күнде өмірлік тәжірибесін жас ұрпақпен бөлісуден жалыққан емес. «Ауыл» партиясының белсенді мүшесі ретінде Шымкент қаласындағы «Ардагерлер» атты бастауыш партия ұйымына төрағалық етуде».

**Бегман ЫСҚАҚ,**
*ЖОО орнының үздік оқытушы*

мізге тура келді. Қаладан жайлы қоныс іздеп жүріп, Бозарық ауыл округінің кеңсесіне кірдім. Мені әкімнің орынбасары Ахметбаев Аманбек деген жас жігіт қабылдады. Шынымды айтсам, әкімсіз оның орынбасары менің мәселемді шеше қояр деп үміттенбеп едім, қателесіппін. Салған жерден жылы қарсы алған жас жігіт мені көп әурелемей "Қайтпас-1" шағын ауданынан орайын келтіріп, жер телімін алып берді. Жігерлі жастың қайырымды ісін қалай ұмытарсың! Осыдан кейін-ақ біз аға-іні болып жақсы араласып кеттік.

***«Ұстаздардың ұстазы»***

Аманбектің көпшіліkпен жұмыс жүргізудегі іскерлік қарым-қабілеті жылдан жылға арта түсті. Оның істің көзін тауып, орайын келтіре қоятын көшбасшылық қасиеті, қолға алған жұмысын аяғына дейін жеткізбей қоймайтын табандылығы педагогика саласындағы қызметінен де айқын байқалды. Ол ұлағатты ұстаз ғана емес, «ұстаздардың ұстазы» бола білді. 2007-2013 жылдар аралығында ол Төлеби ауданы Леңгір қаласындағы «Құлағы нашар еститін балалар» мектеп-интернатына директор болып тағайындалды. Қашанда өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын Әбекең бұл саладағы білімін тереңдету үшін үш жыл бойы ОҚМУ-дің «Дефектология» факультетінде сырттай оқып, арнайы маман болып шықты.

Жаңа басшы табанды түрде талап ете жүріп, ең алдымен, мектеп-интернат ғимаратын күрделі жөндеуден өткізді. Мектеп үйі жанынан қосымша үш сынып бөлмесін қостырып алды. Сынып бөлмелеріне жаңадан жиһаздар алынып, мектептің іші-сырты уақыт талабына сай соңғы үлгілермен безендірілді. Мектеп ауласы қоршалып, түрлі сәндік ағаштар отырғызылды. Жасыл желек пен гүлге көмкерілген аллеялардың бойына қоқыс жәшіктері қойылып, ауланы таза ұстауға айрықша көңіл бөлінді. Бұрыннан қараусыз қалған бассейн орнына киіз үйлер тігіліп, ата-аналардың балаларымен еркін кездесіп, демалысын бірге өткізуіне де жағдай жасалынды. Балалардың бірнеше жылдан бері ұсталынып келген ескі-құсқы көрпе-жастығы, сүлгі-жаймалары түгелдей жаңаланды.

Осындай қамқорлықтың нәтижесінде балалардың білім алуы да, спорттық жетістіктері де арта түсті. Мәселен, интернаттағы 125 оқушының 72-сінің үлгерімі «жақсы» деген деңгейге көтерілді. Спортпен айналысатын оқушылар арасында еркін күрестен ҚР чемпионатына қатысып, жүлделі орын алғандары да аз болған жоқ. Облыстық интеллектуалдық сайыстарда, небір өнер байқауларында топ жарып, көзге түскендері де жетерлік еді. Осындай жетістіктері үшін Әбекең 2008 жылы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Ал, келесі жылы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісін кеудесіне тақты.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудің өз ерекшелігі бар. Осы орайда, өзара тілеулес, бірін бір айтпай түсінісетін команда да жасақтап алды. Соның нәтижесінде мектепте талай игі істер жүзеге асырылды. Мысалы, мектеп бітірушілер үшін кейін күн көрісіне жарарлық қалайда бір мамандық алып шығуына көңіл бөлінді. Бұл сол кездегі аса құптарлық бастама болатын. Осы мектептің іс-тәжірибесін өзгелерге насихаттау үшін «Алтын сақа» атты балаларға арналған республикалық әдеби-танымдық газеті 2011 жылы бүкіл бір нөмірін арнады. «Осы тұста маған бағдар берген, жол көрсеткен бір жан болды. Ол облыстағы білікті маман, ОҚО білім басқармасының аппарат басшысы Әбибулла Қалымбет еді. Білім саласының нағыз іскер де білікті басшысынан мен көп нәрсе үйрендім», - деп еске алады Әбекең.

Аманбек Молдабекұлының бұдан кейінгі директорлық қызметі 2013-2018 жылдары Шымкент қаласы білім бөліміне қарасты №1 жалпы орта кешкі мектебінде жалғасты. Бұл кезеңде де ол еселі еңбегі үшін талай рет Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен», «Еңбек ардагері» медалімен, «ҚР тәуелсіздігіне 20 және 25 жыл» мерекелік медальдерімен марапатталды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, ұлы тұлға Д.Қонаевтың мәңгі есте қалдыруда және насихаттауда ерекше еңбек сіңіргені үшін «Д.Қонаев» орденіне және облыс әкімінің «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медаліне ие болды.

Ал, 2018-2020 жылдары оған Шымкент қалалық білім басқармасының №72 жалпы орта білім беретін мектебін басқару жүктелді. Қандай ұжым болса да, табысы мен жетістігі басшыға көп байланысты. Мұны Әбекең талай рет көз жеткізе дәлелдеді. Бұған осы соңғы мектептегі директорлық қызметі де айқын дәлел. Ол, ең алдымен, жанына білімді де білікті мамандарды жинақтай білді. Әр мұғалімнің кәсіби педагогикалық шеберлігін шыңдап, шығармашылық жұмыспен еркін айналысуына мүмкіндік берді.

Ол осы мектепке келген бойдан оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін «Эстетикалық бағыттағы» үйірмелердің ашылуына көңіл бөлді. Әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезініп, одан рухани ләззат алуға бағытталған «Би», «Әсем саз», «Дәстүрлі ән», Домбыра-дастан», «Қолөнер-дизайн», «Сиқырлы бояу», «Алтын ине» үйірмелері жұмыс істей бастады. Осылайша мектеп балаларды біліміне ғана емес, өнеріне де қолдау көрсетіп отырды. Соның нәтижесінде «Арнау» би үйірмесінің тәрбиеленушілері «ҮРКЕР» халықаралық өнер және білім байқауына қатысып, «Қазақ биі» бойынша жеңімпаз атанды. Қала көлемінде өткен «Жас музыкант» өнер байқауында мектеп жанынан құралған «Арнау» би тобы қазақтың ұлттық биімен І орынды иеленсе, Халықаралық дәрежеде өткен фестивальде өзбек, қазақ халқының ұлттық билері бойынша «бас жүлде» иеленген болатын. Сонымен бірге, республикалық «MUSIC FESTIVAL» байқауынан хореография номинациясы бойынша І дәрежелі лауреат атанды. Сол жылы №72 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша ҰБТ нәтижесінің орташа баллы - 95 пайызды құрады. Мектептің 86 түлегі «мемлекеттік грант иегері» атанды. Бұл бұрын - соңды болмаған көрсеткіш. Мұның бәрі басшының оқу процесін дұрыс жолға қоя білуі десек артық болмас. Сол жылы бүкіл республикаға тарайтын «Білікті ұстаз» журналы Аманбек Молдабекұлының «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі» деген мақаласын өзек ете отырып, мектептегі көптеген үздік мұғалімдердің оқыту-әдістемелік тәжірибелерін кеңінен таратқан болатын.

Әбекең 2020 жылдың 1 ақпанында 63 мерей жасқа толып, №72 жалпы орта білім беретін мектеп директоры қызметінен зейнетке шықты. Бірақ ол құрметті еңбек демалысына шықтым деп қарап қалған жоқ, «Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі басшысының орынбасары және қаладағы Қаратау ауданы, Қайтпас шағын ауданының ардагерлер ұйымының төрағасы болып қоғамдық жұмыс атқарды. Бүгінде ол – Қаратау аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.

*номинациясының иегері, профессор:*

«Өмір жолыңыздағы әрбір жыл сіздің еңбегіңіздің, сабырлылығыңыздың және адалдығыңыздың куәсі болды. Әрбір адамға көрсеткен мейіріміңіз, кеңес-насихаттарыңыз, қолдауыңыз айналаңыздағыларға сенім мен жылылық сыйлады. Жасыңыз тек сан ғана емес, сіздің бай тәжірибеңіздің, даналығыңыздың көрсеткіші. Әрі қарай да мәнді де мағыналы өмір сүріп, жақындарыңызды қуанта беріңіз. Сіздің қамқорлығыңыз қоғамға және біз сияқты қарттарға өте қажет».

Әмзе Оспанов,
*Созақ ауданының құрметті азаматы, ардагер ұстаз, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінің ата-аналар комитетінің төрағасы:*

